

FTAMP14.25.07

<https://doi.org/10.51889/2022-2.2077-6861.16>

А.М. ЖУМАГУЛОВА<sup>1</sup>, А.С. ХИБАДУЛЛИНА<sup>1\*</sup>

Шәкәрім атындағы Семей университеті (Семей, Қазақстан)  
SEMEY1978@mail.ru, aibin\_2011@mail.ru

## ДИСКУРСТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада бүгінгі таңдағы педагогикалық дискурс мәселелерінің қойылысы мен педагогикалық дискурс аясында танылатын «мұғалімнің» лингвомәдени типажы қарастырылды. Педагогикалық дискурс кезіндегі сөйлеу актілері мен оның жүзеге асырылуы, өзіндік ерекшеліктері көрсетілді. Зерттеу мақаланың мақсаты – бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзара тілдік қарым-қатынастың жүзеге асырылуы мен қоғамда өзіндік орны бар бүгінгі «мұғалімнің» кәсіби қасиеттерін атай отырып, лингвомәдени типажы арқылы жалпы қоғамдағы «мұғалімнің бейнесін» көрсету. Мектеп дискурсы арқылы қоғамның белгілі бір мүшесі оқушының тілдік санасын бақылау мен оны белгілі бір оң ұстанымдарға бағыттаудың қажеттілігі зерттеу тақырыбының маңыздылығын танытады. Мақала аясында мектептегі адресант (мұғалім) пен адресат (оқушы) арасындағы өзара тілдік коммуникацияның орнығуы мен жүзеге асырылуындағы ерекшеліктер көрсетілді. Зерттеу нәтижелері ретінде мектеп оқушыларының тілдік санасындағы «мұғалім» сөзінің ассоциациялық қолданысына бақылау жасалды. Сондай негіздемелер арқылы «мектептің жүрегі» мұғалімдердің лингвомәдени типажы берілді.

*Түйін сөздер:* дискурс; педагогикалық дискурс; мұғалім; оқушы; лингвомәдени типаж; білім беру жүйесі; коммуникация; ассоциация; тілдік сана; сөйлеу.

**Кіріспе.** Тілдік қарым-қатынас концепциясын жан-жақты зерттеу мен жаңа қырынан тану бүгінгі ғылымға серпінді өзгерістер алып келуде. Осындай жаңа деңгейдегі ізденістердің қатарынан орын алып отырған дискурс тақырыбы ауқымы кең, әрі күрделі құрылым. Дискурс теориясы бүгінгі тілтанымда қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі. Аталмыш бағыт нақтырақ айтсақ, тіл білімі, психология, педагогика, әлеуметтану мен этнография сынды түрлі ғылым салалары аумағында ғылыми нәтижелерін беріп отыр. Көптеген зерттеу бағыттары мен ғылыми мектептер арасында да дискурс теориясы алға қойылуда, алайда осы тұста бір-біріне қайшы пікірлер де жоқ емес. Дегенмен, дискурсты зерттеушілерді абстрактілі тіл жүйесін емес, нақты «қарым-қатынас кезіндегі сөйлеу» турасындағы пікірлері біріктіреді. Осы ретте дискурстық зерттеулер Е.А. Карасина [1], J. Mueller [2], Е.В. Полянина [3], Т.А. Гребенщикова,

И.А. Зачесова [4], В.М. Розин [5], I. Upen [6], В.А. Вагурин [7], I. Kochetkov, V. Maksim, I. Kovalevich [8], С.В. Гусаренко, М.К. Гусаренко [9] сынды зерттеуші ғалымдардың дискурстың теориялық жағы, дискурстағы синергетика мәселелері, дискурстағы сөйлеу әрекетіне байланысты зерттеу еңбектер қатарымен толығып отыр.

Дискурс нысанындағы «сөйлеу әрекеті» барлық мүмкіндіктер мен тілдік құралдардың қолданысы. Мұндағы сөйлеу әрекеті екі адамның диалогтық қатынасы арқылы жүзеге асатыны белгілі. Дискурс негізінен екі адамның өзара қарым-қатынасынан көрініс табады. Коммуникация барысындағы әрбір қатысушы өзінше тұлға екені айқын. Тұлға – бұл жеке адамның өзіне тән адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын танытатын, әрі саналы әрекет иесі, қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Философиялық тұрғыдан адамды «адам» ретінде тануда, яғни, оның рухани-

адамгершілік, ділдік, мәдени қырларына баса назар аударылады.

Диалогқа түскен екі тұлғаның арасындағы жағдаяттық, тілдік, әлеуметтік, этномәдени, психологиялық ортақтастықтардың болуы нәтижесінде өзара қарым-қатынас жүзеге асады. Диалогта қарым-қатынасқа түсушілердің сол сәттегі ортасы, өту орны, сезімі мен көңіл-күйі, сол сәттегі ерекше көріністегі үзілістер, дауыс ырғағы, бет жүзіндегі өзгерістер мен ым-ишара белгілері түгел қамтылады. Демек, тұлғаралық қатынас жүзеге асырылады.

Адам әрекетінің күрделі психикалық процестерін зерттеуге арналған антропоцентристік зерттеулер соңғы онжылдықта қарқынды көріне бастады. Олар әсіресе мәдениетаралық өзара әрекеттестікті талдауға бағытталып отыр. Яғни, тілдік тұлға мәдениетіне арналады. Бүгінде «тілдік тұлға» мәселесі В.З. Демьянкова, А.И. Карасик, Е.С. Кубрякова, В.А. Маслова, Ю.Н. Караулов сынды көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналған.

Сондай-ақ, дискурстың көп мағыналылығын ескере отырып, оның «институционалдылығын» атап кеткен жөн. Қазіргі тіл білімінде «институционалды дискурс» деген түсінік, ұғым жиі кездеседі. Ол қарым-қатынас мақсатымен және қарым-қатынасқа түсушілер арқылы ерекшеленеді.

Дискурс түрлерінің арасындағы педагогикалық дискурс құрылымдық, әрі мазмұндық жағынан ерекшеленеді. Дискурстың бұл түрі формасына қарай институционалды, мазмұны жағынан жеке тұлғаға бағытталған болып келеді. Педагогикалық дискурс тұлғаны танымдық жағынан тануда ғана емес, тұлға дамуына қатысты тұстарын толық қарастырады. Педагогикалық дискурс – мектепте көрініс тауып, негізінен мұғалім мен оқушының өзара тілдік қарым-қатынас арқылы жүзеге асады.

Дәстүрлі білім беруге негізделген «киелі орын» – мектеп ұлт зиялысы Мағжан Жұмабаев айтқандай, «жанымызға, ұлттық болмысымызға қабысатындай», «ел мүддесіне сәйкес келетіндей» болуы тиіс. Мектепте берілетін білім білім алушылардың

белгілі бір жүйеде қалыптасқан ұғымдар, деректер мен пайымдауларының жиыны. Рухани мәдениеттің ең ауқымды ұғымдарының бірі – білім. Ол түрлі психологиялық, философиялық күрделі әрі терең ұғымдармен сабақтас, әрі солар арқылы танылады. Ал білімділік – тұлғаның өз ортасында, айналасында қалыптасуына, әрі оны қорғау мен байытуға, ол туралы тың білімдер жинақтауға, сол арқылы өзін дамытуға қабілетті болады. Білімділік – білімдер жүйесі мен ойлау жүйесінің жиынтығы болып табылады, бұл адамның өз бетінше пайымдау жасау арқылы білім қорында аздық ететін тұстарын қайта қалпына келтіре алатындығымен ерекшеленеді.

**Негізгі бөлім.** Мектептегі білім беруге арналған бағдарлама белгілі қалыптасқан ережелерге негізделген, әрі соған бағытталған білім берудің мазмұны. Білім беру процесі – мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқушының білім алу, тәрбиелену мен дамуына ықпал етеді. Білім беру үрдісіндегі білім алуды пайдасын оқушыға жан-жақты түсіндіруде мұғалімнің қызметі тілдік қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылатындығы, әрі ең негізгісі екені айқын.

Педагогикалық дискурстың мақсаты – қоғамның жаңа мүшесін қалыптастыру, оған қоршаған әлем туралы түсінік беру, мінез-құлық әдептерімен оқушының ақпаратты қабылдауын тексеру, бағалау арқылы нәтижесін шығару.

Осы ретте педагогикалық дискурс төмендегідей белгілерге ие болады:

- қарым-қатынасқа қатысушылар(қоғамда белгілі бір дәрежесі бар: мұғалім, оқушы);
- белгілі бір орналасқан орны, жері бар;
- белгілі бір құндылықтарға ие;
- белгілі нысанға назар аударатын стратегиялары (сөйлеу әрекеттерінің реттілігі) бар;
- жанрлық сипаты қамтылған;
- тұрақты прецедентті феномендері (аты-жөні, мәтін т.б.) болады [10].

Педагогикалық дискурста адресант – мұғалім болса, адресат – оқушы. Бұл жағдайда адресант әркез психолог та бола алады. Педагогикалық дискурстың ерекшелігі

– мұнда педагог әрқашан жеке дара тұлға, әрі кез келген коммуникативтік жағдайдың негізгі бастамашысы. Мұғалімнің мақсаты – белгілі бір коммуникативті жағдайда қалаған нәрсеге жету ниетімен оқушыға әсер ету. Мұғалім нақты аудиторияға бағытталған қарым-қатынасты біледі.

Зерттеуші Р. Водактың айтуынша, кез-келген педагогикалық іс-әрекет, атап айтсақ, ата-аналар жиналысы, сынып сағаттары, түрлі форумдар оқушылармен мұғалімдерден басқа да әлеуметтік топ мүшелері арасында өтуі мүмкін. Педагогикалық дискурсты: тең дәрежелі, әртүрлі дәрежелі деп екі бағытта жүзеге асырылатынын да атап көрсетеді [11].

Мұнда әлеуметтік жағынан тең дәрежелі топтағылар арасындағы коммуникация мұғалімдер, оқушылар, студенттер арасында болуы мүмкін.

Әртүрлі дәрежедегі тілдік қарым-қатынас білім беру саласының әр түрлі деңгейіндегі тұлғалар арасында оқытушы мен ректор, мұғалім мен оқушы т.б. Педагогикалық дискурс диалог (оқушы мен мұғалім арасында) және монолог мұғалімнің сөзі (оқушыға қарата айтылған сөз) түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Педагогикалық дискурста «хронотоп» ұғымын ерекше қарауға болады. Педагогикалық дискурстағы хронотоптың уақыт пен белгілі бір орынға қатыстылығын, уақыт жағдайының оқу үдерісіне бекітілгендігін (мектептегі сабақ, университеттегі дәріс), өтетін орынының (мектеп, мектеп ауласы, сынып, оқу аудиториясы) сәйкестігі туралы ғалым В.И. Карасик атап өтеді [12].

Педагогикалық дискурстың құндылықтары оның белгілі бір жүйелігімен байланысты. Педагогикалық дискурста барлық моральдық (ғылыми, әлеуметтік, саяси) құндылықтар көрінеді. Осылар арқылы адамның әлемге деген көзқарасы қалыптасады.

Педагогикалық дискурстың стратегиясы – белгілі бір әлеуметтік жағдайдағы сөйлеу әрекеттерінің тізбесі. Мұндағы негізгі қатысушылар мұғалімдер мен оқушылар болады, онда түсіндіру, жұмыс нәтижесін бағалау, өзара қарым-қатынас сипатталады.

Кез-келген дискурстың өту жағдайында стратегиясы мен тактикасы болады. Ғалымдар педагогикалық дискурстағы коммуникативтік стратегияларды төмендегідей бөліп көрсетеді:

1. Түсіндіруші (жинақталған білімді беру, тарату).

2. Бағалаушы (баға беру стереотипі бойынша).

3. Бақылаушы (кері байланыс ретінде қарау).

4. Әсер етуші (оқушының дамуы мен қалыптасуына ықпал ету).

5. Ұйымдастырушы [13].

Дискурста сабақ барысында, мұғалімнің сөйлеу кезіндегі тілек айту, шақыру, құттықтау сынды этикеттік үлгілері де назардан тыс қалмайды. Сөйлеу аралық және фатикалық тілдік жанрлар: әзіл-қалжың, сабақ барысындағы аудиторияның талпынысы үшін қолпаштау айту, дәйексөз (талқылау кезіндегі басталуы мен аяқталуы), алған білімдерін тәжірбиемен ұштастыру, түрлі сұрақтары т.б. толығыды.

Коммуникативтік сипатына орай дискурс белгілі бір күрделі сөйлесім әрекетінің жүйесін құрайды. Адамның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас кезіндегі ақпараты «сөйлесім әрекеті» арқылы жүзеге асырылады.

Тілдік зерттеулерде «сөйлесім әрекеті» немесе «сөйлеу актісі» (локутивті, перлокутивті және иллокутивті) үш деңгейде көрініс береді. Бұлардың әрқайсысына берілген сипаттамаларға назар аударсақ.

Локутивті акт – белгілі бір мағынаны жеткізу кезінде әр түрлі тілдік құрылымдарды қолдана отырып жүргізіледі.

Перлокутивті акт – аудиторияға өзінің сөйлеу кезінде сана мен сезімі арқылы әсер етеді, бұл сөйлеу актісі шешендік өнерде көрініс тапқан. Перлокутивті акт белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге бағытталады.

Иллокутивті акт – өз алдына адамның сөйлеу кезіндегі бір іс-әрекетін білдіреді [14].

Аталған сөйлеу актілерінің кез-келгені педагогикалық дискурстағы мұғалімнің сөйлеу әрекетінде, мәселен, жаңа тақырыпты

түсіндіру барысында, түрлі бағыттағы тәрбиелік шаралардың ұйымдастырылуында көрініс тауып отырады. Әсіресе мұғалімнің сабақ жүргізу процесі кезіндегі қарым-қатынасында айқындала түседі.

Педагогикалық дискурс институциональды дискурс жүйесінде объективті түрде ерекшеленеді. Білім беру жүйесінің дамуының өзіндік қызметі мен білгілерін танытады.

Адамның дүниетанымын танытатын ақпараттық-танымдық күрделі құрылым ретінде тілдің қызметі зор. Ол оқушының ойлауымен, санасымен, пайымдауымен тығыз байланысты. Кез келген ақпарат, алдымен, оқушының жадында сақталады, жинақталады, өңделеді. Ақпаратты оқушы қажет кезінде қолданысқа енгізеді. Адамзат санасының қызметі қоршаған әлемнің жалпы заңдылықтары, өзара байланыстары туралы мәліметтерді, білім негіздерін жүйелеуге мүмкіндік беретіндіктен, кез келген адам оның көмегімен алдына мақсат қоя білуге, жоспарлы әрекет етуге, табиғи және әлеуметтік орталарда өзін-өзі ұстауға дағдыланады [15, 264 б.].

Оқушы коммуникациялық әрекет кезінде ақпаратты өз қалауынша пайдалана алады. Осы ақпараттық қызмет турасында айтқанда, зерттеуші, ғалым Э. Оразалиеваның жіктеуі бойынша, танымдық әрекетке қабылдау, ойлау, пайымдау, түсіну, зейін қою, есте сақтау, сөйлеу т.б. тәрізді құрамды бөліктер жатқызылған. Ғалым қазіргі кезде танымдық әрекетті «функционалды-прагматикалық, аккумулятивті және қатысымдық қызметтері ерекше, адамзат тіршілігіне аса қажет фактор» деп бағалайды [15, 148 б.].

**Әдістер.** Тұлғаның жеке өзіндік тілдік ерекшелігі, лингвомәдениет туралы стереотиптер «лингвомәдени типаж» деген терминді де қамтиды. Аталмыш терминді В.И. Карасик пен О.А. Дмитриев сынды ғалымдар толығырақ аша түседі. И. Карасик еңбегінде лингвомәдени типаждың белгілерін адам және адамның қарым-қатынасына қатысты «рөл», «стереотип», «ампула», «кейіпкер», «имидж», «тілдік сурет» ұғымдармен қатысты екендігін атап өтеді [12].

«Мұғалім» лингвомәдени типажын беруде ең алдымен мектеп оқушыларының ассоциациялық ойлау деңгейлерін анықтау мақсатымен жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушыларына эксперимент-бақылау жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында сыныптағы оқушыларға «мұғалім» сөзінің ассоциациясын жазу тапсырылды. Мақсаты – күнделікті оқушы санасында, сөйлеу дағдысында қолданылатын «мұғалім» сөзін бейнелейтін мағыналық қолданысын саралау, байқау. Оқушының ойлау арқылы елестете алу мүмкіндіктерін байқау, сөздік қорындағы сөздердің ауқымын анықтау. Зерттеу бақылау нәтижесі төмендегідей болды:

Алынған сөздер: білім – 41 рет, тәрбие – 31 рет, мектеп – 14 рет, сабақ – 23 рет, жазу – 8 рет, үйрету – 3 рет. Барлығы: 120 сөз алынды.

Эксперименттік әдіс нәтижесінде оқушының тілдік санасындағы «мұғалім» сөзі білім беру дискурсында қамтылатын білім, тәрбие, мектеп сөздерінің қайталану жиілігі арқылы анықталды.

**Нәтижесі.** Мұндай ассоциативтік эксперимент оқушылардың тілдік концептілерді анықтау кезінде қолданылды. Бұл зерттеу әдістерді қолдану себебіміз, оқушылардың тілдік санасының қалыптасу тұжырымдамаларын жасап, олардың тиімді және қарапайым қолдануына байланысты өткізілді. Осыған байланысты біз өзіміздің жасаған эксперименттік зерттеу жұмысымызды жүргізу барысында үш кезеңге топтастырдық. Олар:

1. Анықтау кезеңі: экспериментіміздің анықтау кезеңінде жалпы білім беретін орта мектептің 7-сынып оқушыларының тілдік сана дәрежелерін анықтадық, сәйкесінше көрсеткіштерін шығардық.

2. Бақылау кезеңі: әр оқушының жазған сөздерін бақылап, жинақтадық.

3. Қорытынды кезең: Алынған нәтиженің қорытынды кезеңінде ақпараттарды өңдеп, сараптама жүргіздік. Сол арқылы назарға ала отырып «мұғалім» типажын ұсындық.

Жалпы алғанда мұндай ассоциациялық талдау әдісі ХХ ғасырда пайда болды және

өзінің дамуында екі кезеңді бастан кешірді. Бірінші кезең, яғни, «Ассоциациялық нормалар» әдісі ХХ ғасырдың басында психолог-клиницистер Г. Кент пен А. Розанов психикалық ауруға шалдыққан адамдардың ауытқу деңгейін анықтау үшін ағылшын тілінің «эталонын» жасауға тырысты. Бірінші кезеңде ассоциациялық әдіс емдеу мақсатында патопсихология мен психатрияда және криминалистикада кеңінен тараса, ал ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бастап психолингвистика саласында кеңінен қолданыла бастады. Алғаш 1954 жылы Миннесот ассоциативтік нормасының пайда болуы кейіннен осы тектес француз, италян, поляк, неміс сөздіктердің пайда болуына әсер етті. Бұл сөздіктерді жасаудың басты мақсаты – сөйлеу мінез-құлқын зерттеу мен танымдық үдерістерді жетілдірудің, сөйлеу қабілетін дамыту және индивидтің санасындағы және сөйлегендегі сөзінің арасындағы әр түрлі байланыстарды анықтау үшін қолдану. Ассоциациялық нормаларды қолдану аясы осы кезеңде сөз психологиясы, ес пен ойлау, психолингвистикада, екі тілді игеру психологиясында, педагогикалық психологияда кеңінен қолданылады.

Ассоциативтік сөздікте: «Біздің санамыздағы, жадымыздағы әрбір сөз жеке өмір сүрмейді, ол ондаған, жүздеген «желімен» басқа сөздермен байланыста болады. Әрбір сөз белгілі жалғасын, өзінің жұбын талап етеді, ол «екі сөздің моделіне» айналғысы келеді. Міне, осындай «жалғасы», «екі сөздің моделі» типтік, жеңіл айтылатын, шындыққа жанасымды, тілді пайдаланушыға түсінікті-ассоциативті сөздікте тіркеледі. Ассоциативтік сөздік сөзді қолдану қарсаңындағы жағдайды бейнелейді және тікелей бақылауға болмайтын, тілді қолданушының жадында сөз сақтау құпиясын ашуға мүмкіндік береді» – деп толығырақ түсініктеме береді [16, 784 б.].

Демек, адам санасындағы әрбір сөз жеке-дара өмір сүрмейді, өзара мағыналас, мәндес сөздермен бейнелер тудырады. Жоғарыда аталған зерттеу-эксперимент нәтижесін көрсете отырып, «мұғалімнің» лингвомәдени типажын ұсынып отырмыз. Бұл тұста

«лингвомәдени» деп ерекшелеуіміз, әр ұлттың өзіндік дүниетанымы мен болмысы да белгілі бір мамандық иесі болып қалыптасуына ықпал етеді.

Төменде педагогикалық дискурстағы «мұғалім» типажын барлық қасиеттері мен қызметтерін ескере отырып ұсындық. Ол төмендегі қасиеттер арқылы сипатталды.

Мұғалім типажы:

– мәдениетті, сыпайы, мейірімді, сезімтал, ұстамды, өзіне сенімді, тиянақты;

– өз ісіне берілген, мамандығын құрметтейді, мақтан етеді, өнерге жақын;

– адамдармен қарым-қатынаста бірдей, өзін тыңдата алады, сөзі дәлелді, кез-келген істе шешім таба алады;

– балаларды жақсы көреді, жанын түсінеді, оларға көмекші, балалардың жеке бастарын сыйлайды, кез-келген істе қолдай алады, қуана, қуанта алады, кеңесші, кешірімшіл, әділ, жақсылыққа тәрбиелейді. Оқушыларын алға жетелей алады, рух бере алады, шабыттандырады;

– қоғамдағы орнын түсінеді, өз міндетін, өзіне қойылатын талапты ұғынады, өз елінің дамуына қосатын үлесін, жауапкершілікті жете біледі.

– жаңашыл, ізденімпаз, талапшыл, өз-өзін үнемі жетілдіріп отырады;

– заман талабына сай өзгерістерге әділ баға бере алады, заман ағымына қарай бейімделе алады, өз үлесін қоса алады;

– ата-аналармен тіл табыса алады, әлеуметтік жағдайына қарай бөліп жармайды;

– болашағына сенімді, өз күшін, шамасын білетін, еңбекқұмар, талапты, ойы озық, елінің, жерінің қасиетін түсінетін, қадірлейтін, ұрпақ тәрбиелейді;

– балаларға жанашыр бола алады, әрдайым көмектеседі, оларға сенім артады, олардың сенімінен шығады кез-келген жағдайда қасынан табылады;

– оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруға өз үлесін қоса алады, оқушылары белсенді, идеяшыл, бастамашыл, алға ұмтылады, жаңалыққа жаны құмар, оптимист;

– оқушылары өз қабілеттерін жетілдіре алады, білім алуға ұмтылады, қоғамға қажет

екенін, ел болашағы өз қолдарында екенін саналы түрде түсінеді;

– оқушылары өз елі, өз жері, ұлты, отбасы, Отан алдындағы міндеттерін, борыштарын жақсы түсінеді, ел қамын ойлайды, қай салада болмасын еліне адал қызмет атқарады, «Отан» ұғымын өз жеке бастары қызығушылықтарынан артық қояды;

– оқушылары жақсылыққа ұмтылады, жақсылыққа сенеді, өз істеріне жауап бере алады, бір-бірін жақсы түсінеді, бір-біріне қамқор бола алады, жауапкершілікті сезінеді, өмір сүруге құштар.

Осындай мұғалімнің барлық сипатын тізбектеп көрсете отырып, «мұғалім қандай?» деген сұраққа жауап берілді деп ойлаймыз.

Заманауи педагогтың тұлғалық болмысын ашу педагогикалық дискурс нысанында қарастырып жүрген ғалымдардың еңбектерінде де көрініс табады [17-19].

**Пікірталас.** Педагогикалық дискурс аясындағы белгілі бір қалыптасатын ұстанымдар болады. Ол туралы педагог-ғалым Р.М.Қоянбаев оқыту ұстанымдарын педагогтың өзінің тәжірибелік іс-әрекетінде басшылыққа алатын негізгі, бастапқы жағдайлары екендігін баса айтады. Әрі оқытудың мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне қойылатын талаптар жүйесін анықтайтын басты жағдайлар ретінде атап көрсетеді [20].

Танымдық іскерлік педагогика ғылымында оқушының танымдық белсенділігімен тығыз сабақтастықта қарастырылады. Оқушының бастапқы танымдық іскерлігі, алға қойған мақсатын анықтауы, іс-әрекетін жүйелі түрде жоспарлауы, нәтижені бағалай білуінен т.б. байқалса, ақпараттық қыры қажетті ақпараттармен жұмыс істей алуы, оны талдап, екшеп, сұрыптап ала білуі, ақпаратпен жұмыс істеуді дұрыс ұйымдастыруынан көрінеді. Ал әлеуметтік іскерлігі, ұжыммен жұмыс істей алу қабілетінен, ұжымдық, топтық, жұптық тапсырмаларды орындай білуі мен күрделі жағдаяттарды шеше алуы арқылы байқалады. Аталған осы екі мақсаттың түйіскен тұсы – танымдық тұрғыдан оқытуда білім мазмұнын анықтап, жүйелеуге бағыт береді. Оқушыға білім мазмұнын меңгерту

белгілі ұстанымдар мен әдістер және оқыту түрлері арқылы жүзеге асырылды. Мұндағы басты мақсат – оқушының құзыреттілігін қалыптастыра білуде.

Кез келген адам әлемді өз ана тілі арқылы таниды да, сол негізде ұлттық мінезді бойына қабылдай бастайды. Бұның негізінде «ғаламның ұлттық бейнесі» жатса керек, сондықтан «ғаламның тілдік бейнесі» бала санасында қалыптасқанда «ғаламның ұлттық бейнесі» бірге қабысып астасады. «Ғаламның тілдік бейнесінің» негізін зат есімдер құрағандықтан, бала санасында алдымен тілдегі зат есімдер жүйесі енген концептосфера беки бастайды да, ол «менталдылық» деп айтылып жүрген ұлттық сипатқа ұласады. Қай тілде «ғаламның қарапайым бейнесі» бала санасында орын тепсе, сол тіл иесі болатын ұлттың мінезі бала психикасында негізделе бастайды, ол дамып «ғаламның когнитивті бейнесіне» айналып, соңында «ғаламның тілдік бейнесі» болып тұрақталады.

Тіл жүйесіне антропоэзектік парадигманың енуі оқыту жүйесінде де тың бағыттардың туындауына алып келеді. Лингвист ғалымдар тіл арқылы тұлғаның танымдық қабілеті, өзіндік мәдениеті, ұлттық психологиясы, өмірлік дағдылары т.б. қалыптасатынына айрықша назар аудара бастады. Осылайша тілдік қарым-қатынас пен танымның сабақтастығы жалпы тіл білімінде арнайы зерттеу нысанына алынған. Бұл тіл білімі салаларын танымдық тұрғыдан оқыту мәселелеріндегі іргелі бастамаларға жол ашады.

**Қорытынды.** «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі» деп ұлт зиялысы Мағжан Жұмабаев айтқандай, бүгінде мұғалім мәртебесінің өсуі мен оған жіті көңіл бөлу жолға қойылып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 30 желтоқсанында «Педагог мәртебесі туралы» заңға қол қойып, педагог мәртебесін заңмен бекіткен болатын [21].

Заңда мұғалімнің жеке дамуы мен оқу үдерісінде өзін-өзі жетілдіру бағытын негізге алған.

Мектепте оқушыға сапалы білім берудің нәтижесі мұғалімнің белгілі бір ұстанымдарына тікелей байланысты. «Мұғалім» типажы мұғалімнің өзіне, айналасындағы басқа да адамдарға, өзін қоршаған әлемде болып жатқандарға қатынасын танытатын орныққан жүйесін, нақтырақ айтқанда, ұстанымын танытады.

Жеке тұлға ретінде қалыптасатын оқушының өзіндік дамуында біртұтас

әдістемелік жүйенің жасалуы қажеттілік. Ол бүгінгі білім беру жүйесіндегі білім берудің мақсатынан бастап оқытудың түпкі нәтижесіне дейінгі аралықтағы тұтас бірліктердің өзара сабақтастығы арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан осындай нәтижелі мақсатқа қол жеткізудің басты құралы – мұғалімнің сапалы білім мазмұны арқылы оқушының өзіндік дамуына басымдылық беруінде.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

- [1] Карасина Е.А. Дискурс, высказывание и речевой акт // Вестник РУДН. Серия: Лингвистика. – 2016. – Т.20. – № 4. – С.91-102.
- [2] Mueller J. Praise Intention and Its Verbalisation in German-Language Pedagogical. [Электрондық ресурс]: URL: [https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract\\_id=3977984/](https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=3977984/) (өтінім берілген күні: 18.03.2022).
- [3] Полянина Е.В. Педагогический дискурс: основные характеристики и жанры [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.sgu.ru/sites/default/files/textdocsfiles/> (өтінім берілген күні: 08.04.2022).
- [4] Гребенщикова Т.А., Зачесова И.А. Психология повседневного дискурса. Интенциональный аспект: Монография. – Москва: Интент-анализ, 2014. – 387 с.
- [5] Розин В.М. Особенности дискурса и образцы исследования в гуманитарной науке. – Москва, 2018. – 208 с.
- [6] Upen I. Difference Between Text and Discourse [Электрондық ресурс]: URL: <https://pediaa.com/difference-between-text-and-discourse/> (өтінім берілген күні: 30.04.2022).
- [7] Вагурин В.А. Синергетика эволюции современного общества. – Москва, 2019. – 214 с.
- [8] Kochetkov I, Maksim V., Kovalevich I. Specific Features of Educational and Pedagogical Discourse in the Context of Anthropological Challenges: Socio-Cultural Approach. – Journal of Siberian Federal University, Humanities & Social Sciences: 2020 13 (2).
- [9] Гусаренко С.В., Гусаренко М.К. Слова и смыслы в нашем сознании: популярное введение в когнитивную лингвистику. – Москва: Издательская группа URSS, 2021. – 200 с.
- [10] Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 304 с.
- [11] Dijk, T.A. van. On macrostructures, mental models, and other inventions: A brief personal history of the Kintsch-van Dijk theory // Discourse Comprehension: Essays in Honor of the Kintsch. – Hillsdale, 1995. – 78 с.
- [12] Карасик В.И. Характеристики педогогического дискурса // Языковая личность: аспекты лингвистики и лингводидактики: Сборник научных трудов. - Волгоград: Перемена, 1999. – 211 с.
- [13] Габидуллина А.П. Моделирующие жанры учебно-педагогического дискурса. – М., 2002. – 244 с.
- [14] Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1986. – 424 с.
- [15] Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Ан Арыс, 2006. – 264 б.
- [16] Караулов Ю.Н., Черкасов Г.А., Уфимцев Н.В. Русский ассоциативный словарь: в 2 томах. – М., 2002. – Т.1. – 784 с.
- [17] Нуриев М.А., Советканова Д.М., Айнакулова А.М. Заманауи педагогтың тұлғалық болмысы // Педагогика және психология. – 2018. – № 2(35). – С.134-142.
- [18] Ибрагимова К.К., Мырзабекова М. Педагогический дискурс как коммуникативная стратегия обучения и воспитания [Электрондық ресурс ]: URL: <https://articlekz.com/article/> (өтінім берілген күні: 12.05.2022).
- [19] Тленкопачева М.Н. Основные элементы педагогического дискурса // Актуальные вопросы филологических наук: Материалы III Междунар. науч. конф. (Казань, октябрь 2015 г.) [Электрондық ресурс ]: URL: <https://moluch.ru/conf/phil/archive/> (өтінім берілген күні: 18.05.2022).

[20] Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Университет студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, 2004.

[21] Педагог мәртебесі туралы: заңы: мұғалімдердің жалақысын көтеру, құқықтарын қорғау және әлеметтік қолдау. – 2020. – 5 ақпан [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (өтінім берілген күні: 23.05.2022).

#### References

[1] Karasina E.A. Diskurs, vyskazyvanie i rechevoj akt //Vestnik RUDN. Seriya: Lingvistika. – 2016. – Т.20. – № 4. – S.91-102.

[2] Mueller J. Praise Intention and Its Verbalisation in German-Language Pedagogical. [Elektronдық resurs]: URL: [https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract\\_id=3977984/](https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=3977984/) (otinin berilgen kuni: 18.03.2022).

[3] Polyamina E.V. Pedagogicheskij diskurs: osnovnye harakteristiki i zhanry [Elektronдық resurs]: URL: <https://www.sgu.ru/sites/default/files/textdocsfiles/> (otinin berilgen kuni: 08.04.2022).

[4] Grebenshchikova T.A., Zachesova I.A. Psihologiya povsednevnogo diskursa. Intencional'nyj aspekt: Monografiya. – Moskva: Intent-analiz, 2014. – 387 s.

[5] Rozin V.M. Osobennosti diskursa i obrazcy issledovaniya v gumanitarnoj nauke. – Moskva, 2018. – 208 s.

[6] Upen I. Difference Between Text and Discourse [Elektronдық resurs]: URL: <https://pediaa.com/difference-between-text-and-discourse/> (otinin berilgen kuni: 30.04.2022).

[7] Vagurin V.A. Sinergetika evolyucii sovremennogo obshchestva. – Moskva, 2019. – 214s.

[8] Kochetkov I, Maksim V., Kovalevich I. Specific Features of Educational and Pedagogical Discourse in the Context of Anthropological Challenges: Socio-Cultural Approach. – Journal of Siberian Federal University, Humanities & Social Sciences: 2020 13 (2).

[9] Gusarenko S.V., Gusarenko M.K. Slova i smysly v nashem soznanii: populyarnoe vvedenie v kognitivnyyu lingvistiku. – Moskva: Izdatel'skaya gruppa URSS, 2021. – 200 s.

[10] Karasik V.I. Yazykovoj krug: lichnost', koncepty, diskurs. – Volgograd: Peremena, 2002. – 304 s.

[11] Dijk, T.A. van. On macrostructures, mental models, and other inventions: A brief personal history of the Kintsch-van Dijk theory //Discourse Comprehension: Essays in Honor of the Kintsch. – Hillsdale, 1995. – 78 c.

[12] Karasik V.I. Harakteristiki pedogogicheskogo diskursa //Yazykovaya lichnost': aspekty lingvistiki i lingvodidaktiki: Sbornik nauchnyh trudov. – Volgograd: Peremena, 1999. – 211 s.

[13] Gabidullina A.P. Modeliruyushchie zhanry uchebno-pedagogicheskogo diskursa. – M., 2002. – 244 s.

[14] Novoe v zarubezhnoj lingvistike. – M., 1986. – 424 s.

[15] Orasalieva E. Kognitivtik lingvistika: kalyptasuy men damuy. – Almaty: An Arys, 2006. – 264 b.

[16] Karaulov Yu.N., Cherkasov G.A., Ufimcev N.V. Russkij asociativnyj slovar': v 2 tomah. – M., 2002. – T.1. – 784 s.

[17] Nuriev M.A., Sovetkanova D.M., Ajnakulova A.M. Zamanai pedagogtyn tulgalyk bolmysy // Pedagogika zhane psihologiya. – 2018. – № 2(35). – S.134-142.

[18] Ibragimova K.K., Myrzabekova M. Pedagogicheskij diskurs kak kommunikativnaya strategiya obucheniya i vospitaniya [Elektronдық resurs ]: URL: <https://articlekz.com/article/> (otinin berilgen kuni: 12.05.2022).

[19] Tlenkopacheva M.N. Osnovnye elementy pedagogicheskogo diskursa //Aktual'nye voprosy filologicheskikh nauk: Materialy III Mezhdunar. nauch. konf. (g. Kazan', oktyabr' 2015 g.) [Elektronдық resurs ]: URL: <https://moluch.ru/conf/phil/archive/> (otinin berilgen kuni: 18.05.2022).

[20] Koyanbaev Zh.B., Koyanbaev R.M. Pedagogika. Universitet studentterine arналган oku kuraly. – Almaty, 2004.

[21] Pedagog martebesi turaly: zany: mugalimderdin zhalakysyn koteru, kukyktaryn korgau zhane alemettik koldau. – 2020. – 5 aqpan [Elektronдық resurs]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/> (otinin berilgen kuni: 23.05.2022).



Педагогические проблемы дискурса

*А.М. Жумагулова<sup>1</sup>, А.С. Хибадуллина<sup>1\*</sup>*  
Университет имени Шакарима  
(Семей, Қазақстан)

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы современного педагогического дискурса и лингвокультурный тип «учителя», признаваемый в контексте педагогического дискурса. Показаны речевые акты в педагогическом дискурсе, их реализация и особенности. Цель исследовательской статьи – показать «образ учителя» в обществе в целом через лингвокультурный тип, отметив реализацию языковой коммуникации в современной системе образования и профессиональные качества сегодняшнего «учителя», которому отводится особое место в обществе. Отмечается необходимость распознавать языковое сознание конкретного члена общества через школьный дискурс и направлять его на определенные позитивные установки, что актуализирует тему исследования. Освещены различия в установлении и реализации языкового общения между адресантом (учителем) и адресатом (учеником) в школе. Подчеркивается мысль о преимущественном типе учителя в современной школе – учителя лингвокультурного типа.

*Ключевые слова:* дискурс; педагогический дискурс; учитель; ученик; лингвокультурный тип; система образования; коммуникация; ассоциация; языковое сознание; речь.

**Pedagogical problems of discourse**

*A.M. Zhumagulova<sup>1</sup>, A.S. Khibadullina<sup>1\*</sup>*  
*<sup>1</sup>Shakarim University city of Semey,*  
*(Semey, Kazakhstan)*

*Abstract*

The article examines the problems of modern pedagogical discourse and the linguocultural type of «teacher», recognized in the context of pedagogical discourse. Shows speech acts in pedagogical discourse, their implementation and features. The purpose of the research article is to show the «image of a teacher» in society as a whole through the linguocultural type, noting the implementation of language communication in the current education system and the professional qualities of today's «teacher», who has a special place in society. The need to recognize the linguistic consciousness of a particular member of society through school discourse and direct it to certain positive attitudes, which actualizes the research topic, is noted. The differences in the establishment and implementation of language communication between the address (teacher) and the addressee (student) at school are highlighted. The idea of the predominant type of teacher in the modern school - the teacher of the linguocultural type is emphasized.

*Keywords:* discourse; pedagogical discourse; teacher; student; linguocultural type; education system; communication; association; linguistic consciousness; speech.

*Редакцияға 08.01.2022 қабылданған*